

Мектепшілік бақылау «Күнделік КЗ» тексерілуі

2022-2023 оқу жылы

Тексерудің мақсаты: Электронды күнделіктің толтырылуы, формативті бағаның қойылуы

Тексеру нәтижесінде мыналар анықталды:

«Күнделік КЗ» (Есептер бөліміндегі оқу бағдарламасының орындалысы) сайтындағы КТЖ жариялануы, оқу бағдарламасының орындалуы 100 % қамтымайды. Атап айтқанда: дене шынықтыру пәні мұғалімі Т.Бағитов, тарих пәні мұғалімі Л.Камзаева, қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Ж.Қарабаева, физика пәні мұғалімі А.Раппбаева, химия пәні Г.Палымбетова, математика пәні мұғалімі Л.Тойшанова, география пәні мұғалімі А.Орынбекова, дене шынықтыру пәні мұғалімі Ж.Қартбаев, құқық негіздері пәні мұғалімі Б.Абилова, дене шынықтыру пәні мұғалімі А.Днислам, шетел тілі пәні мұғалімі У.Ажигереева, математика пәні Н.Айтыбасова, информатика пәні мұғалімі А.Қабидулла, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Н.Ибрашева жарияламаған.

Оқушылардың БЖБ, ТЖБ бойынша алған балл көрсеткіштері электрондық журналмен сәйкес келмеген тұстары орын алды. 2 «в» сыныбында Д.Еримбетова қазақ тілінен ІІІ тоқсан ТЖБ жұмысы бойынша С.Исмакованы 7 балл деп бағалап, электронды журналға 10 балл қойған. 4 «е» сыныбында Б.Исабаева математикадан ІІ тоқсан ТЖБ жұмысы бойынша Р.Ахметжанованың жұмысын 17 балл деп бағалап, электронды журналға 16 балл, А.Аженоваға 16 баллдың орнына 15 балл, А.Болатбайға 16 балл орнына, 15 балл деп бағалаған.

2 «в» сынып мұғалімі Д.Еримбетова, қазақ тілі күнтізбелік жоспарда ТЖБ І тоқсанның соңғы күніне қойылған (27.10). 34-35 сабақтар мақсаты сәйкес келмесе де қосып өткізген.

3 «е» сыныбы Ж.Қырымханова музыка пәні, 36 сағат болуы тиіс, 34 сағатқа жоспарланған, 2 сағаты кем. Дене шынықтыру пәні бойынша 108 сағат болуы тиіс. 102 сағат жоспарланған, яғни біріктірілген сабақтар нақты көрсетілмеген және КТЖ журналға жарияланбаған.

2 «г» сыныбы мұғалімі Түйешиева дене шынықтыру 107 сағатқа жоспарланған, 1 сағаты кем. 4 «е» сыныбы мұғалім Б.Исабаева «Естествознание» бойынша 4 тоқсанда қайталау күні қойылмаған. «Познание мира», 4 тоқсанда «Я и общество» 1 сағатқа берілген, бірақ екі күн қойылған: 24.05, 31.05.

2,3,4 сынып, мұғалім Қ.Аманжулова «Цифрлық сауаттылық» бойынша КТЖ-да күннің жады 2 рет жазылған (30.05, 30.05) Оқу бағдарламасының орындалу барысы мектепшілік бақылауда күн тәртібіне нақты енгізілмеген.

Тексеруші МД оқу ісі орынбасары:



А.Кокебаева

Метеп күнделігі бойынша әкімші көмекшісі:



Б.Гиниятова

Мектепшілік бақылау жұмысы бойынша пәндердің берілу жайы

Бақылау түрі: Пәндік тексеру қашықтық бойынша

Нысаны: Физика, информатика пәнінің оқытылуы

Мақсаты: Физика, информатика пәнінің жүргізілуін қадағалау

Мектепте физика пәнінен 3 мұғалім жұмыс жасайды. 3-де жоғары білімді. Санаты бойынша 1 мұғалім педагог-зерттеуші, 2 мұғалім педагог-модератор. Пән бірлестік жетекшісі Табылғанова А.А. тамыз айының аяғында күнтізбелік тақырыптық жоспарларын тексеріп, бекітті. Мұғалімдерге үйден оқитын оқушылар, яғни ерекше білімді қажет ететін, үйірме, факультатив, қолданбалы курс тақырыптары таңдалып, жоспарлары жасалды. Мектеп бітіруші 11 сыныптардың физика пәнін таңдап отырған, бітіруші 76 түлектің қазақ сыныптары бойынша – 10 оқушы, орыс сыныптары бойынша – 9 оқушы осы пәнді таңдап отыр. Қазақ сыныптарынан физика пәнін таңдаған Болатбеков Қанат, Қылышбай Наурызбек 4 ұпай жинап төмен көрсеткіш көрсетті.

Физика пәнін оқытылуы барысында мектеп бітіруші түлектерінің физика есептерін шығаруға қолданбалы курстарымен ҰБТ дайындық сабағына ерекше көңіл бөліну керек екені ескерілді. Оқушылардың белсенділігін анықтау сызбасы арқылы, үйге берілген тапсырманы тексеру әдісі – ауызша бағалау мен мадақтау түрлері тиімділігімен көрінді. Мұғалімнің жаңа материалды ұсыну шеберлігімен сөйлеу мәдениеті сабақтың өмірі мен байланыстылығы жақсы жолға қойылған.

Физика пәніне арналған сөздік жұмысы талданды. Сабақта онлайн мектеп тапсырмаларын орындаудан оқушыларда қателіктер орын алды. Оны уақытында түзетуде пән мұғалімі Рашбаева А.А. шеберлік танытты.

Пән бірлестік жетекшісі физика пәнінің мұғалімі Табылғанова А.А. 7-11 сыныптарға сабақ береді және пән бірлестік жетекшісі. 7 «б» сыныбындағы сабағының алғашқы ұйымдастыру кезеңіне ZOOM бағдарламасы арқылы қатыстым. Физика пәні 7 сыныптарға жаңа пән болғандықтан, оқушылардың қызығушығын арттыру мақсатымен «жылдам ойлан» сұрақ тапсырмалары арқылы сабақты бірден сайыс түрінен бастады. Сабақтағы ахуал оқушылардың көңіл-күйіне қызығушылықтарын арттыруына аса көңіл бөлді. Оқушылардың физикалық тілді меңгерулері алғашқы формулаларды қабыдаулары қанағаттанарлық деңгейде көрінді. Осы сабақты ұйымдастыру кезеңінде-ақ оқушыларды мадақтау бағалау түрлері – ақ сабақтың қандай деңгейде ұйымдастырылатын көрсетті.

Сәттібекқызы М. 7-8-9-10 сыныптарға сабақ береді. 3 тілдік курсынан өткен. 8 «а» сыныбына сабақ береді. 10 сыныбының физика пәні сабағының қорытындылау кезеңіне ZOOM бағдарламасы арқылы қатыстым. Жаңа сабақтың меңгерілуі ауызша сұрақ-жауап арқылы бекітілді.

1. Ауырлық күші қандай құралмен өлшейді.
2. Электр күшінің кедергісі қандай?
3. Тізбектегі тоқ күшін анықтауға арналған аспап
4. Аспан денелері қозғалысын бақылауға арналған орын қалай аталады?
5. Дененің ішкі энергиясы деп нені атайды? Сұрақтарға оқушылар өте жақсы жауап берді.

Информатика пәнінен қазақ сыныптарына – 2 мұғалім, орыс сыныптарына – 2 мұғалім сабақ береді. (1 мұғалім бала күтіміндегі демалыста Қабидулла А.Т.) Санаттары

бойынша 2 мұғалім педагог-модератор, 1 мұғалім II санатты. Жаңартылған білім мазмұны бойынша курстан өту жоспарланған. Робототехника курсына Аманжулова Қ.Қ. өткен. 3 тілділік курсы бойынша Серикова З.С. 10 «д» сыныбына сабақ береді. Биылғы оқу жылында педагог-модераторлыққа Амажулова Қ.Қ. өтіп отыр. Мұғалімдер өздерінің жоспарына сәйкес жаңа сабақ жоспарын тиімді іске асыру үшін АКТ пайдалана отырып, қашықтықтан сабақ беруде. Информатика пәнінен Аманжулова Қ.Қ. 9 сыныбындағы «файлдар мен жұмыс» тақырыбында сабақтарына қатыстым. Заман талабына сай ақпараттық технологияны пайдалану нәтижесінде сабақтың түсіндіру бөлімі, Дайындалған слайдты демонстрациялау нәтижесінде деңгейлік тапсырмалардың орындалуын түсіндірді.

Физика, информатика пәндерінің берілуі мен мемлекеттік білім стандартының орындалуы БЖБ, ТЖБ жұмыстарының жинақталып, модерация жазылуы түсіндіріліп, оқу тоқсаны соңында жинақталатындығы пән бірлестік жетекшісіне ескертілді.

Ұсыныс

1. Физика, информатика пәнінің оқытылуы қанағаттанарлық
2. Қорытынды аттестациялаумен ҰБТ, олимпиадалар үшін оқушылардың білім сапасын арттыруға жұмыстар күн тәртібінен түспесін.
3. ҰБТ дайындығына ерекше көңіл бөлінсін.
4. Пән бірлестік жетекшісі тоқсандық қорытынды бойынша БЖБ, ТЖБ жұмыстары қорытындысын уақытылы алып отырсын.

МД оқу ісі орынбасары:



А.Кокебаева